

**"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын беру және Мамлютка қаласы мен ауылдық округтердің әкімдеріне үміткерлердің таңдаушыларымен кездесулерін өткізу үшін үй-жайды белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 03 шілдедегі № 251 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 51 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 наурызда № 4597 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабының 2-тармағына, 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, 50-бабының 2-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын беру және Мамлютка қаласы мен ауылдық округтердің әкімдеріне үміткерлердің таңдаушыларымен кездесулерін өткізу үшін үй-жайды белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 03 шілдедегі № 251 қаулысы күшін жойған деп танылсын (2014 жылғы 17 шілдеде "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2848 болып тіркелген).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж. Сыздықов*